

2005 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына 18 ден 27 жасқа дейінгі азаматтарды шақыруды жүргізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 36, Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 131/17-III БІРЛЕСКЕН ШЕШІМІ. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 14 сәуірде N 385 тіркелді . Шешімнің күші жойылды - Астана қаласының Әділет департаменті, Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 50 және Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 219/28-III бірлескен шешімімен.

Ескерту: Шешімнің атауы мен 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 43, Мәслихаттың 2005 жылғы 30 маусымдағы N 164/20-III бірлескен шешімімен .

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" (бұдан әрі - Заң), "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен, "Қазақстан Республикасы әскери басқару жергілікті органдарының мәселелері" 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 1320 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Астана қаласының әкімі мен Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2005 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында 18 ден 27 жасқа дейінгі, шақырудан кейінге қалдыруға немесе босатылуға құқы жоқ азаматтарды Қазақстан Республикасы Қарулы-Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына мерзімді әскери қызметке шақыру және ж ө н е л т у ө т к і з і л с і н .

Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес "Алматы" және "Сарыарқа" аудандары шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау мен бақылау мақсатында, мына құрамда қалалық шақыру комиссиясы бекітілсін:

Толыбаев - Қала әкімінің орынбасары, қалалық
Марат Еркінұлы шақыру комиссиясының төрағасы;
Мыңжанов - Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің
Қайрат Тұрсынайұлы бастығы, қалалық шақыру комиссиясы
төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Сейітжапаров - Ішкі істер бас басқармасы бастығының
Ғабдолла Рахметоллаұлы орынбасары;
Әбдіқасов - Денсаулық сақтау департаменті
Мейірхан Әбдіғалиұлы директорының орынбасары;
Семенова - Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің
Валентина Григорьевна аға әскери маманы (терапевт) дәрігер,
медициналық комиссиясының төрайымы;
Петренкова - N 3 қалалық емхананың мейірбикесі,
Галина Степановна комиссия хатшысы.

Қалалық шақыру комиссиясының мүшелері әр түрлі себептермен болмаған жағдайда комиссияның резервтік құрамы бекітілсін:

Мұстафина Сабила - Қала әкімінің орынбасары, қалалық
Сапарқызы шақыру комиссиясының төрайымы;

Комиссия мүшелері:

Құсайынов - Ішкі істер бас басқармасы бастығының
Есенжол Зұлхазжайұлы орынбасары;
Байдәулетов - Қорғаныс істері жөніндегі департамент
Асылбек Бекбосынұлы бастығының орынбасары, 2-ші бөлімнің
бастығы;
Тян - N 3 емхананың терапевт-дәрігері,
Раиса Петровна медициналық комиссияның төрайымы;
Қалқаманова - N 3 қалалық емхананың мейірбикесі,
Гүлнұр Қызқорақызы комиссия хатшысы.

2. "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының әкімдері Заңның 14-бабына сәйкес шақыру комиссияларын құрсын, Заңның 35-бабына сәйкес шақыру комиссияларының жұмыстарын қамтамасыз етсін.

3. "Астана қаласының Денсаулық сақтау департаменті" мемлекеттік мекемесі шақырылушыларды дәрігерлік тексерістен өткізу үшін медициналық комиссияларды қызметкерлермен, дәрі-дәрмектермен, жабдықтармен қамтамасыз етсін. 2005 жылғы наурыз-маусым, қыркүйек-желтоқсан айларында шақырылушылардың қан тобын анықтау үшін олардың қан тапсыруы, зерттеу тапсыруы ұйымдастырылсын, электрокардиограммаға түсуі, флюорографиядан өтуі қамтамасыз етілсін, шақырылушылардың медициналық куәландырудан өтуі кезінде тиісті егулер жүргізілсін, шақырылушылардың қаланың емдеу алдын алу мекемелерінде стационарлық тексеруден өтуі қамтамасыз етілсін. Комиссия дәрігерлерінің шақыру қосынына келуін қамтамасыз етсін.

4. Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің жұмыс кестесіне сәйкес қалалық шақыру комиссиясының жұмысы 14 00

сағаттан (жергілікті уақыт) басталады деп белгіленсін.

5. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырсын және жұмыссыз азаматтардың (15 адамнан) 2005 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым және 2005 жылғы 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында "Алматы" және "Сарыарқа" аудандары Қорғаныс істері жөніндегі басқармаларына келуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. "Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрамалары қатарына шақырылған шақырылушыларды тасымалдау үшін шақыру комиссиясын көлікпен Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің ұсынған тапсырыстарына с ә й к е с қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. "Астана қаласының Ішкі істер бас басқармасы" мен "Астана станциясындағы желілік ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемелерінің шақыру қосынында (А. Затаевич көшесі, 21) және теміржол стансасының жолаушыларды отырғызу орындарында қоғамдық тәртіптің сақталу шараларын қарастырсын. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің тапсырыстарына сәйкес полиция н а р я д ы н б ө л с і н .

"Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының Ішкі істер басқармаларына іздестіру және хабарлау тобына 2005 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым және 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің қарамағына бір-бірден полиция қызметкерлерін бөлу міндеттелсін.

8. "Астана қаласының Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Жалпыға бірдей әскери міндетті орындау шеңберіндегі шаралар" бюджеттік бағдарламасының әкімшілігі болсын.

9. Астана қаласының әкімі мен Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 25 және 2004 жылғы 30 наурыздағы N 33/6-III "2004 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына 1977-1986 жылдары туған азаматтарды шақыруды жүргізу туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 323 болып тіркелген; "Астана хабары" газетінің 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 53 және "Вечерняя Астана" газетінің 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 48 нөмірінде жарияланған) және Астана қаласының әкімі мен Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 28 мамырдағы N 27 және 2004 жылғы 29 маусымдағы N 61/9-III " Астана қаласының әкімі мен Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 25 және 2004 жылғы 30 наурыздағы N 33/6-III "2004 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына 1977-1986 жылдары туған азаматтарды шақыруды жүргізу

туралы" бірлескен шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 12 шілдедегі N 335 болып тіркелген; "Астана хабары" газетінің 2004 жылғы 15 шілдедегі N 94 және "Вечерняя Астана" газетінің 2004 жылғы 15 шілдедегі N 95 нөмірінде жарияланған) бірлескен шешімдерінің күштері жойылды деп танылсын.

10. Астана қаласының әкімдігі мен мәслихаттың осы бірлескен шешімінің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Толыбаев пен Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинаға жүктелсін.

Астана қаласының әкімі
сессиясының төрағасы

А с т а н а қ а л а с ы

мәслихатының хатшысы

Визалар:

КЕЛІСІЛДІ

"Алматы" ауданының әкімі

"Сарыарқа" ауданының әкімі

"Астана қаласының Ішкі істер
бас басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің директоры

"Астана қаласының Денсаулық
сақтау департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры

"Астана қаласының Жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
департаменті мемлекеттік
мекемесінің директоры

"Астана қаласының Жұмылдыру
дайындығы және төтенше
жағдайлар басқармасы"
мемлекеттік мекемесі бастығының
міндетін атқарушы

"Астана станциясындағы желілік
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

"Астана қаласының Жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары департаменті"
мемлекеттік мекемесінің директоры

*"Астана қаласының Қорғаныс істері
жөніндегі департаменті" мемлекеттік
мекемесінің бастығы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК